

**Франция Үкіметінің жеңілдікті займы қаражатының есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 ақпан N 179

Экологиялық жағдайды жақсарту және су ресурстарын басқару жөніндегі бірінші кезекті жоспарларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Франция Үкіметінің жеңілдікті займы қаражатының есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобалардың тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен инвестициялық жобалардың тізбесін Франция Үкіметіне ресми жолдасын.

3. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі 1999-2001 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру кезінде осы қаулымен бекітілген жобаларды ескерсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Франция Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Жеңілдікті займ туралы келісімді қол қоюға дайындасын;

жыл сайын республикалық бюджеттік қалыптастыру кезінде бекітілген тізбеге сәйкес жобаларды іске асыруға қаржы көздесін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 26 ақпандағы  
N 179 қаулысымен  
бекітілген

Франция Үкіметінің жеңілдікті займы қаражатының есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі

N	Жобаның атауы	Жауапты атқарушы	Жобаның әзірленуі
1	Павлодар қаласындағы "Химпром" АҚ-ында сынаптан айыру және сынаппен ластанудың ошағын жою жөніндегі таны қорғау министрлігінің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылған жұмыс.	Қазақстан Республикасының Экономика және Қаржы Министрлігінің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылған жұмыс.	Техникалық-экономикалық негіздемесі толық көлемде әзірленді.
2	Вячеслав су қоймасынан Астана қаласындағы сүзгі станциясына дейінгі су арнасының үшінші тармағы	Астана қаласының Әкімдігінің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылған жұмыс.	Техникалық-экономикалық негіздемесі толық көлемде әзірленді.
3	Нұра-Есіл өзендерінің бассейнінің су ресурстарын басқару: Нұра-Есіл өзендерінің бассейнінің су ресурстарын басқарудың мүмкіндіктерін зерделеу; Нұра өзені табаны шөгінділерінің сынаппен ластануы	Қазақстан Республикасының Экономика және Қаржы Министрлігінің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылған жұмыс.	Техникалық-экономикалық негіздемесі Дүниежүзілік Банктің тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылған жұмыс.

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.